

Ұйымдар қызметкерлерінің орташа жалақысын есептеу тәртібі туралы НҰСҚАУЛЫҚ

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 1997 жылғы 18 қыркүйекгі N 17/8340 Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1997 жылғы 9 қазанда тіркелді. Тіркеу N 384. Нұсқаулықтың күші жойылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 01.02.2001 жылғы N 24-П мен Қаржы министрінің 20.02.2001 жылғы N 99 бірлескен бұйрығымен.

Осы Нұсқаулық Қазақстан Республикасының заңымен белгіленген есептеудің * арнаулы тәртібінен басқа барлық жағдайларда ұйымдар қызметкерлерінің орташа жалақысын есептеу тәртібін анықтайды және меншік нысанына қарамастан барлық ұйымдарға қолданылады.

* орташа жалақыны есептеудің арнаулы тәртібі зейнетақы тағайындалған кезде белгіленген.

1. Тиісті төлем байланысты болып отырған жағдайлардың алдындағы** күнтізбелік 12 ай (1-нен 1-не дейін) ұйымдар қызметкерлерінің орташа жалақысын есептеу үшін есеп айыратын кезең болып табылады.

Белгілі бір ұйымда бір жылдан кем уақыт жұмыс істеген қызметкерлер үшін орташа жалақы нақты жұмыс істеген уақытпен анықталады.

** жағдайлар дегеніміз қызметкердің демалысқа кетуі, қызметкердің жұмыстан босатылуы және орташа жалақыны төлеуге байланысты басқа да жағдайлар.

2. Ұйымдар қызметкерлерінің орташа жалақысын анықтау үшін орташа күндік табыс немесе орташа сағаттық табыс қолданылады.

Орташа күндік (сағаттық) жалақыны анықтау кезінде есепті кезеңнен, Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген жұмыс істелмейтін мейрам күндері алынып тасталады.

2.1. Орташа күндік табыс, демалысқа ақы төлеуден және пайдаланылмаған демалысқа өтемақы төлеуден басқа барлық жағдайда, есепті кезеңде есептелген жалақы сомасын Қазақстан Республикасының заңдарында белгілеген жұмыс аптасының күнтізбе бойынша ұзақтығын басшылыққа ала отырып жұмыс күндерінің санына бөлу жолымен анықталады.

Нақты қызметкердің орташа жалақысы күндік орташа табысты төлеуге жататын күндердің санына көбейту жолымен анықталады.

2.2. Жұмыс уақытын жинақтап есептеу кезінде нақты қызметкердің орташа жалақысын есептеу үшін орташа сағаттық табыс қолданылады.

Орташа сағаттық табыс есептеу кезеңіндегі есептелген орташа жалақының сомасын өндірістік күнтізбе бойынша жұмыс уақытының жыл сайынғы балансына сәйкес осы кезеңдегі жұмыс сағаттарының санына бөлу жолымен есептеледі.

Нақты қызметкердің орташа жалақысының мөлшері, орташа сағаттық табысты төленуге жататын кезеңдегі жұмыс сағаттарының санына көбейту жолымен анықталады.

3. Демалысқа ақы төлеуге және пайдаланылмаған демалысқа өтемақы төлеуге арналған орташа күндік табыс демалысқа кететін айдың алдындағы (1-нен 1-не дейін) күнтізбелік 12 айдағы табысты басшылыққа ала отырып анықталады.

Қызметкер демалысқа кетер алдында ұйымда жұмыс істеген уақыты бір жылға жетпесе, демалыс кезіндегі сақталатын орташа жалақы демалысқа кететін айдың алдындағы (1-нен 1-не дейін) жұмыс істеген күнтізбелік айлардағы табысын басшылыққа ала отырып анықталады.

Демалысқа ақы төлеуге және пайдаланылмаған демалысқа өтемақы төлеуге арналған орташа күндік табыс мынадай жағдайларда есептеледі:

1) егер барлық есепті кезең жұмыспен толық өтелсе, есепті кезеңдегі жалақының есептелген сомасын 12-ге бөлу жолымен және:

- жұмыс күндерімен белгіленген демалысқа ақы төлеу кезінде өндірістік күнтізбе бойынша жұмыс уақытынан жыл сайынғы балансына сәйкес жұмыс күндерінің орташа айлық санына (мысалы, 25, 33 - 1997 жылға арналған есептегі орташа айлық жұмыс күндерінің саны);

- күнтізбе күндермен белгіленген, демалысқа ақы төлеу кезінде күнтізбе күндерінің орташа айлық санына (мысалы, 29, 66 - 1997 жылға арналған есептегі жұмыс күндерінің орташа айлық саны) бөлу жолымен есептеледі;

2) егер есепті кезеңдегі он екі айдың әр айында толық жұмыс істелмесе есептелген жұмыс істеген уақыттағы жалақыға есептелген соманы:

- алты күндік жұмыс аптасы күнтізбесі бойынша жұмыспен өтелген уақытқа тиесілі жұмыс күндерінің санына (жұмыс күндері есебімен демалыс бергенде);

- жұмыс істеген уақытқа тиесілі күнтізбелік күндердің санына (күнтізбелік күндер есебімен демалыс бергенде) бөлу жолымен есептеледі.

Оқу демалысына ақы төлеу осы Нұсқаулықтың 3-тармағында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

Екі күндік демалысы бар бес күндік жұмыс аптасындағы немесе ұйымда белгіленген қысқартылған жұмыс аптасындағы демалысқа ақы төлеу тәртібі осы

Нұсқаулықтың 3-тармағында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

4. Егер:

қызметкерге орташа жалақы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес төленсе немесе сақталса;

қызметке мемлекеттік сақтандыру бойынша (еңбекке уақытша жарамсыздығы бойынша, жүктілігі және босанғаны бойынша және т.б.) жәрдемақы алса, орташа жалақыны есептеу үшін, есепті кезеңнен уақыт, сондай-ақ төленген сома шығарылып тасталады.

5. Еңбекке ақы төлеу жүйесінде көзделген ынталандыру сипатындағы сыйлықақы мен басқа да төлемдер орташа жалақыны есептеген кезде есептелу уақытына қарай қосылады, ал жылдық сыйлықақы мен еңбек сіңірген жылдар үшін сыйақы есепті кезеңнің әр айына 1/12 мөлшерінде есептеледі.

6. Орташа жалақыны есептеген кезде толықтырылған және қайта өңделген, Қазақстан Республикасының Ұлттық статистикалық агенттігінің 1996 жылғы 19 желтоқсандағы N 50 қаулысымен бекітілген (тіркеу N 244, 1997 ж. 16 қаңтар) жалданып жұмыс істеушілердің саны мен жалақысының статистикасы жөніндегі Нұсқаулыққа 6.1-бабына, 49.3-тармақшасын ескере отырып (49, 52, 55, 57, 58 тармақшалардан басқа) және 6.2-баптың 59-тармақшасына сәйкес жалақы қорына енгізілетін төлемдер ескеріледі.